

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2019 жылдың 29 қарашасындағы
№ 147 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап
қолданысқа енгізілді

Маркет-мейкерлер қызметінің **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2020 жылдың 09 маусымындағы № 78 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- Қор нарығында ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінің екінші шығарылымы өндірістік эксплуатацияға берілген күннен бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2020 жылдың 30 маусымындағы № 89 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2020 жылдың 14 шілдесіндегі № 96 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 29 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 4 толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2020 жылдың 27 тамызындағы № 117 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 28 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

5. № 5 өзгерту мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2020 жылдың 10 қыркүйегіндегі № 123 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 11 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

6. № 6 өзгертулер мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2020 жылдың 29 қазанындағы № 144 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- қолданысқа енгізілуі 2020 жылдың 12 қарашасына белгіленген, осы Ережелерге 4 қосымшаға енгізілген өзгертулерден басқасы, 2020 жылдың 30 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

7. № 7 өзгерту мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2020 жылдың 30 желтоқсанындағы № 159 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 04 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

8. № 8 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2020 жылдың 11 желтоқсанындағы № 162 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2020 жылдың 14 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

9. № 9 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2021 жылдың 23 ақпанындағы № 17 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 24 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

10. № 10 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2021 жылдың 29 сәуіріндегі № 44 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 30 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

11. № 11 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2021 жылдың 08 маусымындағы № 56 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 09 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

12. № 12 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2021 жылдың 01 шілдесіндегі № 65 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 07 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

13. № 13 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2021 жылдың 04 қарашасындағы № 116 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2021 жылдың 05 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

14. № 14 өзгерту мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2022 жылдың 01 ақпанындағы № 15 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2022 жылдың 02 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

15. № 15 өзгерту мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2022 жылдың 16 ақпанындағы № 15 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2022 жылдың 17 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

16. № 16 өзгерту мен толықтыру:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2022 жылдың 31 наурызындағы № 43 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2022 жылдың 28 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

17. № 17 толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2022 жылдың 21 шілдесіндегі № 89 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2022 жылдың 25 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

18. № 18 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2022 жылдың 18 тамызындағы № 99 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2022 жылдың 19 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

19. № 19 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2023 жылдың 18 қаңтарындағы № 3 отырыс хаттамасы) бекітілген;
- 2023 жылдың 18 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

20. № 20 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2023 жылдың 01 шілдесіндегі № 64 отырыс хаттамасы) бекітілген;

- 2023 жылдың 03 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) Маркет-мейкерлер туралы қағиданың талаптарына сәйкес әзірленіп, Биржа мүшелеріне маркет-мейкер мәртебесін берудің шарттары мен тәртібін, маркет-мейкер мәртебесінен ерікті бас тартудың шарттары мен тәртібін немесе осындай мәртебеден мәжбүрлі түрде осы мәртебеден айыру тәртібін, маркет-мейкердің маманданымын және маркет-мейкердің міндеттерін орындамағаны немесе бұзғаны үшін жауапкершілігін анықтайды.

1 бап. Жалпы қағидалар

1. Осы Қағидада пайдаланылған ұғымдар, Биржаның ішкі құжаттарында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған ұғымдарға ұқсас.
2. Маркет-мейкерлердің міндетті баға белгілеулерінің параметрлері, оларды жариялау және қолдау шарттары, маркет-мейкерлердің жауапкершілігі, оларға маркет-мейкер қызметтерін көрсету кезінде оны көтермелеуді анықтау тәртібі, сондай-ақ маркет-мейкерлер қызметінің және олар мен Биржа арасындағы өзара іс-қимылдың өзге де шарттары оларға қосымшаларды (маркет-мейкерлердің ерекшеліктерін) қоса алғанда, осы Ережелерде белгіленген.

Жекелеген биржалық нарықтардағы немесе жекелеген қаржы құралдары бойынша өтімділікті арттыру мақсатында Биржа өз мүшелерімен осындай шарттың өзі бекіткен үлгі нысанына сәйкес Биржа Басқармасының шешімі негізінде маркет-мейкер қызметін көрсету туралы жеке келісім-шарттар (бұдан әрі – Келісім-шарт) жасасуы мүмкін. Биржа мен оның мүшесі арасында қандай да бір қаржы құралына немесе қаржы құралдары тобына қатысты маркет-мейкер қызметтерін көрсетуге арналған Келісім-шарт болған кезде Биржа мен Биржаның осындай мүшесі арасында аталған қаржы құралы немесе қаржы құралдары тобы бойынша маркет-мейкер қызметтерін көрсеткен кезде олардың арасындағы қатынастар көрсетілген Келісім-шартпен реттеледі.

Осы Ережелер Биржа мен Биржаның осындай мүшесі арасындағы қатынастарға көрсетілген Келісім-шартпен реттелмеген бөлігінде ғана қолданылады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 01 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)

2 бап. Маркет-мейкердің мәртебесін берудің және беруден бас тартудың шарттары мен тәртібі

1. Биржа мүшесіне маркет-мейкер мәртебесі Биржа Басқармасының шешімімен беріледі *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 09 маусымындағы және 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*.
2. Маркет-мейкер мәртебесі Қағидалармен, осы Ережелермен және/немесе Келісім-шартта қарастырылған талаптарға сәйкес қандай да бір түрдегі қаржы құралдары бойынша беріледі *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 01 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Қандай да бір атаудың қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесін алу үшін Биржа мүшесі осы атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер қызметін бастауды жоспарлайтын күнге дейін үш жұмыс күні бұрын осы Ережелердің 1 қосымшасының немесе 1-1 қосымшасының нысаны бойынша өтініш береді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 01 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

4. Биржа мүшесінің оған қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесін беру туралы өтінішін Биржа алған күннен кейін үш жұмыс күн аралығында Биржа осы Биржа мүшесіне оған осы атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесі берілгені туралы немесе аталмыш мәртебені беруден уәжделген бас тарту туралы (осы баптың 3 тармағында белгіленгенді қоспағанда) хабарламасын жолдайды.

Биржа Басқармасының Биржа мүшесіне Биржаның ресми тізіміне жаңадан енгізілетін (Биржада айналысқа жіберілетін) қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы шешімі Биржа Басқармасының осы атаудың бағалы қағаздарын Биржаның ресми тізіміне енгізу (Биржада айналысқа жіберу) туралы шешімі күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, бірақ Биржада осы атаудың бағалы қағаздармен сауда-саттық ашылған күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Биржа Басқармасы Биржа мүшесіне Биржаның ресми тізіміне жаңадан енгізілген (биржада айналысқа жіберілген) кез келген атаудағы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы шешімі, аталмыш мәртебенің қолданысқа енгізілу күні туралы жазба болуы тиіс, яғни, осы Биржа мүшесінің осы атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер міндеттерін орындау жүктеле бастайтын күн көрсетілуі тиіс. Бұл ретте, аталмыш мәртебенің қолданысқа енгізілу күнін Биржа, осы Биржа мүшесінің оған осы атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы өтінішіндегі шарттардан шыға отырып, анықтайды.

Биржа мүшесіне жолданатын оған қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесін беру туралы хабарламасында аталған мәртебенің қолданысқа енгізілу күні туралы жазба болуы тиіс.

(Бұл тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 09 маусымындағы және 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімдерімен өзгертілді).

5. Егер Биржа Басқармасының шешімімен Биржа мүшесі қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесінен айырылған жағдайда (оның ішінде көрсетілген мәртебеден өз еркімен бас тарту себебі бойынша), Биржаның осы мүшесінің оған осы атаудың қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы жаңа өтінішін Биржа аталған шешім қабылданған күннен бастап 30 сауда-саттық күні өткен соң қарайды *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 09 маусымындағы және 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген).*

6. Биржа келесі негіздердің кез келгені бойынша, Биржа мүшесіне қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесін беруден бас тартуға құқылы:

- 1) осы Биржа мүшесінің осы атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесін беру туралы өтінішінің осы Қағиданың 1 қосымшасында берілген үлгіге сәйкессіздігіне байланысты;
- 2) осы Биржа мүшесі, оған аталмыш мәртебе беру туралы өтінішінің түпнұсқасын берген күннен бұрын қатарынан 12 ай бойы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының және/немесе Биржаның бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау, және/немесе жосықсыз тәртібі, және/немесе инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолдану бөлігіндегі нормаларын орындамағаны;
- 3) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 16 ақпанындағы шешімімен алынып тасталған).*

7. Биржа, осы баптың 6 тармағында қарастырылған негіздерден басқа, Биржа мүшесіне қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесін беруден мына жағдайларда бас тартуға құқылы:

- 1) Биржа мүшесінің жүйелі түрде қайталанатын (қатарынан 12 ай ішінде екі және одан көп рет) кез келген қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер міндеттерін орындамау жағдайлары (маркет-мейкер міндеттерін орындамау жағдайы осы Ережелердің 6 бабы 1 тармағының екінші абзацында анықталғандай);
- 2) Биржаның осы мүшесі Қағидалармен және осы Ережелермен белгіленген кез келген талаптарды, тыйымдарды, шектеулерді және ерекше шарттарды Биржа аталған мәртебені беру туралы өтінішті алған күнге дейін қатарынан 12 ай ішінде сақтамағандығы.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 01 ақпанындағы және 2022 жылдың 16 ақпанындағы шешімімен өзгертілген).

8. Биржа Басқармасы Биржа мүшесіне қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы шешім қабылдаған жағдайда, Биржа осы Биржа мүшесіне оған осындай мәртебе беру туралы хабарлама жіберілген күні шешімді Биржаның интернет-ресурсында (www.kase.kz) жариялайды *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 09 маусымындағы, 2021 жылдың 08 маусымындағы және 2023 жылдың 18 қаңтарындағы шешімдерімен өзгертілген).*

3 бап.

Биржа мүшесінің маркет-мейкер мәртебесінен ерікті бас тартуының шарттары мен тәртібі

1. Биржа мүшесі маркет-мейкер мәртебесінен осы атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер ретінде үздіксіз қызметінің мерзімі, осы Биржа мүшесіне тиісті қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесі берілген күннен бастап, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер ретінде қызмет етудің мерзімі 10 сауда-саттық күнді құрайтын жағдайларды қоспағанда, кемінде 30 сауда-саттық күн болу шартымен ерікті бас тартуға құқылы.
2. Қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесінен ерікті түрде бас тарту үшін Биржа мүшесі бас тарту себебін көрсете отырып, осы Биржа мүшесінің мөр бедерімен (ол болған кезде) бекітілген және Биржаның осы мүшесінің атқарушы органының осыған уәкілетті мүшесі (осы Биржа мүшесінің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға) қол қойған және Биржа мүшесіне қолайлы күні туралы жазбасы бар, осы күннің басталуымен осы Биржа мүшесі осы атаудың қаржы құралдары бойынша маркет-мейкердің міндеттерін орындауды тоқтатуға ниетін білдіріп, еркін нысандағы жазбаша хабарламаны ұсынады. Бұл ретте осындай қолайлы күнді осы баптың 1 және 3 тармақтарының шарттарын негізге ала отырып, Биржаның осы мүшесі дербес анықтайды *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен өзгертілген).*
3. Биржа мүшесі қандай да бір қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесінен өз еркімен бас тартуы туралы хабарлама берілген күнге қарамастан және Биржа мүшесі қандай да бір қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесінен өз еркімен бас тартуды белгілеген датасына қарамастан, осы Биржа мүшесі осы атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері міндеттерін, Биржа аталған хабарламасының түпнұсқасы кіріс хат-хабар ретінде тіркеген күннен кейін кемінде үш сауда-саттық күн бойы орындауы тиіс.
4. Биржа мүшесі қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесінен өз еркімен бас тартуы туралы хабарламасын алған күннен кейін үш жұмыс күн аралығында осы Биржа мүшесіне осы атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесінен өз еркімен бас тартуы себебінен айыру туралы хабарлама жолдайды.

Биржа мүшесінен маркет-мейкер мәртебесінен айыруды, ол осы мәртебеден өз еркімен бас тартқан жағдайда, Биржа Басқармасы осы Ережелерде қарастырылған шарттар сақталған жағдайда қабылдайды.

Биржа Басқармасының өз мүшесін қаржы құралдары бойынша қандай да бір атаудағы маркет-мейкер мәртебесінен айыру туралы шешімінде көрсетілген мәртебеден өз еркімен бас тарту себебі бойынша көрсетілген мәртебенің қолданысын тоқтату күні туралы, яғни Биржаның осы мүшесі осы атаудың қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер міндеттерін орындаудан босатылатын күн туралы жазба болуға тиіс. Бұл ретте аталған мәртебенің қолданысын тоқтату күнін Биржа осы баптың 1 және 3 тармақтарының шарттарын негізге ала отырып, Биржаның осы мүшесімен анықталған, оның басталуымен ол осы атаудың қаржы құралдары бойынша маркет-мейкердің міндеттерін орындауды тоқтатуға ниеттенген қалаған күнді ескере отырып, анықтайды.

Биржа мүшесіне жолданатын қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесінен өз еркімен бас тарту себебінен айыру туралы Биржаның хабарламасында аталған мәртебенің күшін жою күні туралы жазба болуы тиіс.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 09 маусымындағы және 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген).

5. Биржа Басқармасы Биржа мүшесін қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесінен ерікті түрде бас тарту себебінен айыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, Биржа осы Биржа мүшесіне оның осындай мәртебесінен айыру туралы хабарлама жіберілген күні шешімді Биржаның интернет-ресурсында (www.kase.kz) жариялайды *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 09 маусымындағы, 2021 жылдың 08 маусымындағы және 2023 жылдың 18 қаңтарындағы шешімдерімен өзгертілген).*
6. Осы бапта белгіленген талаптардан басқа, Келісім-шарт жасасқан жағдайда Биржа мүшесі Келісім-шартта белгіленген Келісім-шартты бұзудың тәртібі мен мерзімдерін сақтауға міндетті *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 01 ақпанындағы шешімімен енгізілген).*

4 бап.

Маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлі түрде айырудың шарттары мен тәртібі

1. Биржа Басқармасы Биржа мүшесін қаржы құралдары бойынша қандай да бір атаудағы маркет-мейкер мәртебесінен мынадай негіздердің біреуі немесе бірнешеуі туындаған кезде мәжбүрлеп айыру туралы шешім қабылдауға құқылы *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылғы 09 маусымындағы және 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген):*
 - 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Биржаның ішкі құжаттарының өзгеруі себебінен, осы Биржа мүшесінің осы атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері ретінде әрі қарай қызмет етуі мүмкін емес болатындай жағдайдың туындауы;
 - 2) осы Биржа мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасының, Биржаның ішкі құжаттарының және Биржа мүшесінің этикасының нормаларын орындамауы;
 - 3) Биржаның осы мүшесінің кез келген қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер міндеттерін бұзу және/немесе орындамау жағдайларының болуы (маркет-мейкер міндеттерін бұзу және орындамау жағдайлары осы Ережелердің 6 бабы 1 тармағының бірінші және екінші абзацтарында анықталған) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 01 ақпанындағы шешімімен өзгертілген);*

- 4) Биржа мүшесінің Қағиданың және осы Ережелердің мәтінінде және Биржа мүшесіне қатынасты қолданылатын маркет-мейкерлер маманданымында белгіленген талаптарды, тыйымдарды, шектеулерді, ерекше шарттарды орындамауы.
2. Биржа Басқармасының Биржа мүшесін қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері мәртебесінен мәжбүрлі түрде айыру туралы шешімі аталған мәртебенің күшін жою күні, яғни, осы атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесін орындаудан босатылатын күні белгіленуі тиіс. Бұл ретте аталмыш мәртебенің күшін жою күнін, Биржа дербес түрде, бұл өкімді шығарған күннен бұрын болмауын ескере отырып, анықтайды *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 09 маусымындағы және 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)*.
3. Биржа мүшесін қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлеп айыру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Биржа осы Биржа мүшесіне оның осы атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлеп айырылғаны туралы хабарлама жібереді және Биржа мүшесін маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлеп айыру туралы ақпаратты Биржаның интернет-ресурсында (www.kase.kz) жариялайды *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 09 маусымындағы және 2023 жылдың 18 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Биржа Басқармасының мүшесін қаржы құралдары бойынша қандай да бір атаудағы маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлеп айыру туралы шешіміне Биржа мүшесі Биржа Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде Биржаға еркін нысанда берген өтініші негізінде Биржаның Директорлар кеңесіне шағымдана алады.

Биржа Басқармасының шешіміне шағымдану Биржа Басқармасы шешімінің қолданылуын тоқтата тұрмайды.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 09 маусымындағы және 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген)

5 бап. Маркет-мейкерлер қызметінің нормалары

1. Қағиданың 12 тармағының талаптарын ескере отырып, бүкіл сауда-саттық барысында маркет-мейкердің баға ұсыныстарына келесі қосымша талаптар белгіленеді:
 - 1) міндетті баға белгілеудің көлемі/қаржы құралының саны осы Ережелерде немесе Келісім-шартта белгіленген шамадан кем болмауы тиіс *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 01 ақпанындағы және 2023 жылдың 18 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) егер мұндай спрэдтің мәні осы Ережелерге сәйкес өзгерсе немесе міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдау талаптары спрэдтің мәнін сақтауды көздемесе, спрэд осы Ережелерде немесе Келісім-шартта белгіленген мәннен аспауы тиіс *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 01 ақпанындағы және 2022 жылдың 31 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) міндетті баға белгілеулерді осы Биржа мүшесі өз есебінен де, клиенттерінің тапсырмаларына сәйкес олардың есебінен де жариялап, қолдай алады *(осы тармақтың 4) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен)*;
 - 4) осы Биржа мүшесіне міндетті баға белгілеулерді жариялағанда Бақылау және қамтамасыз ету жүйесі арқылы бақыланатын, сауда-саттық

шоттарын пайдалануға тыйым салынады *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;

- 5) қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесіне иеленген Биржа мүшесі, осы атаудағы қаржы құралы бойынша оның міндеттерін орындауға орай айсберг-өтімдер беруге құқығы жоқ *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*.
2. Егер өзгесі осы Ережелерде белгіленбесе, Биржа мүшесінің қандай да бір атаудағы қаржы құралының маркет-мейкері міндеттерін орындауға орай сауда-саттық жүйесіне берілген осы қаржы құралын сатып алуға (сатуға) өтінімін осы Биржа мүшесінің міндетті баға белгілеуі немесе маркет-мейкердің өтінімі деп белгілеуі тиіс.

Қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесіне иеленген, Биржа мүшесінің осы атаудағы қаржы құралын сатып алуға (сатуға) өтінімі міндетті баға белгілеуі немесе маркет-мейкердің өтінімі деп белгіленбесе, бұндай өтінім сауда-саттық жүйесімен Биржа мүшесі осы атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер міндеттерін орындауға орай берген өтінімі деп танылмайды.
3. Қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесіне ие Биржа мүшесі осы Ережелерде немесе Келісім-шартта белгіленген спрэдті сақталу шартымен, өзі жариялаған міндетті баға белгілеуде көрсетілген бағаны өзгертуге құқылы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 01 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
4. Қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесіне ие Биржа мүшесі сауда-саттық сессиясы барысында, максималды жалпы ұзақтығы осы Ережелермен немесе Келісім-шартпен белгіленетін, тайм-аутты пайдалануға құқылы *(осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылдың 01 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Егер өзгесі осы Ережелерде анықталмаса, тайм-аутты сауда-саттық сессиясы барысында бөліп алуға болады.

Қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесіне иеленген, Биржа мүшесімен қолданылатын тайм-ауттың нақты ұзақтылығы сауда-саттық сессиясы барысында, осы Биржа мүшесінің осы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер міндеттерін (міндеттер жиынтығын) орындамау жағдайы туындаған сәттен бастап есептеліп, осындай жағдай жойылған сәттен бастап уақытша тоқтатылады да, осы Биржа мүшесінің содан кейінгі аталмыш міндетін (міндеттер жиынтығын) орындамау жағдайы туындаған сайын қайта басталып, жаңа жағдай жойылған сәтте қайтадан тоқтатылады.
5. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулердің сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық күні ішінде одан әрі жариялаудан және/немесе қолдаудан бас тартуға құқылы (осы маркет-мейкерге Биржа 6 тармаққа сәйкес осы бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәнін кеңейткен жағдайды қоспағанда егер осы атаудағы бағалы қағаздармен жасалған соңғы мәміле бағасының алдыңғы сауда-саттық күніндегі олар бойынша жабылу бағасынан ауытқуы немесе – алдыңғы сауда-саттық күнінде осы атаудағы бағалы қағаздары бойынша жабылу бағасы болмаған кезде – ағымдағы сауда-саттық күнінде олар бойынша ашылу бағасынан мынадай мәннен асады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2023 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) борыштық бағалы қағаздар ("таза емес" бағаларда сатылатын борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) бойынша кірістіліктің 5,0 пайыздық тармақтан;

- 2) "таза емес" бағалармен сатылатын борыштық бағалы қағаздар бойынша 7,0 %-дан;
- 3) үлестік бағалы қағаздар, инвестициялық пай қорының пайлары, ETF бағалы қағаздары және жаһандық депозитарлық қолжаттар бойынша 7,0 %-дан асса.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 31 наурызындағы шешімімен енгізілген)

6. Нәтижесінде Биржа мүшесі спрэдтің максималды мәнін сақтау бөлігінде қандай да бір бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің міндеттерін тиісінше орындай алмайды не осындай міндеттерді тиісінше орындау нәтижесінде қаржылық немесе өзге де шығындарға ұшырауы мүмкін болатын жағдайлар туындаған жағдайда, Биржаның осы мүшесі осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша осы маркет-мейкерге қатысты қолданылатын маманданымда немесе Келісім-шартпен белгіленген, міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәнін уақытша кеңейту (ұлғайту) туралы сұрау салу арқылы Биржаға жазбаша өтініш жасауға құқылы.

Осы өтініштің негізінде сауда-саттық бөлімшесіне және ақпарат және статистика бөлімшесіне жетекшілік ететін Басқарма мүшелері Биржа атынан осы бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәнін маркет-мейкер жүгінген күннен бастап 10 сауда-саттық күнінен аспайтын мерзімге, осы маркет-мейкерге қатысты қолданылатын маманданыммен немесе Келісім-шартпен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, кеңейту (ұлғайту) туралы келісілген шешім қабылдауға құқылы.

Осы тармақтың екінші абзацында белгіленген мерзім өткеннен кейін маркет-мейкер Биржаға осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәнін кеңейту (ұлғайту) туралы өтінішті қайта жіберуге құқылы.

Келісім-шартта белгіленген міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәнін кеңейту (ұлғайту) осындай Келісім-шартқа қосымша келісім жасаспай жүзеге асырылады.

Егер Биржа маркет-мейкердің жазбаша өтінішінде міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәнін кеңейтуде (ұлғайтуда) жеткілікті негіздер жоқ деп есептесе, Биржа мұндай спрэдті кеңейтуден бас тартуға құқылы.

Биржаның оң шешімі болған кезінде қолданылатын бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәнін кеңейту (ұлғайту) тетігі маркет-мейкердің бағалы қағаздар жөніндегі маманданымында көрсетілген.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 31 наурызындағы шешімімен енгізілген және Биржа Басқармасының 2023 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)

7. Осы баптың 5 және 6 тармақтарында көзделген жағдайларда, маркет-мейкер, оны алуға бас тартуға өзге негіздер болмаған жағдайда, осы Ережелермен белгіленген Биржаның комиссиялық алымдарын төлеу бойынша жеңілдікті алуға құқылы және көрсетілген тармақтардың қолданылу кезеңі үшін бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің маманданымымен және/немесе Келісім-шартпен белгіленген мөлшерде сыйақы алу құқығынан айырылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 31 наурызындағы шешімімен енгізілген)*.

5-1 бап. Келісім-шарт бойынша маркет-мейкерді таңдау процедурасы

1. Келісім-шарт жасасу, бірінші кезекте, қаржы құралы бойынша қолданыстағы маркет-мейкерге ұсынылады.
2. Қолданыстағы маркет-мейкер болмаған немесе ол Келісім-шарт бойынша маркет-мейкер қызметін көрсетуден бас тартқан жағдайда, Келісім-шарт бойынша маркет-мейкерді таңдау ұсыныстарды сұрату тәсілімен жүзеге асырылады.
Қаржы құралы бойынша неғұрлым тар спрэдті қамтитын Биржа мүшесінің ұсынысы үздік ұсыныс деп танылады.
3. Маркет-мейкер қызметтерін көрсетуге ұсыныстарды сұрату туралы хабарландыруды эмитенттермен және инвесторлармен жұмыс жөніндегі бөлімше Биржа мүшелерінің атына ұсынылатын қаржы құралдарын, спрэд мәндерін және қызметтер құнын, сондай-ақ өтінімдерді қабылдаудың аяқталу күні мен уақытын көрсете отырып, электрондық пошта арқылы жібереді.
4. Өлеуетті маркет-мейкердің өтінімі customers@kase.kz электрондық мекенжайына жіберіледі және таңдалған қаржы құралына және спрэд бойынша ұсынысқа нұсқауды қамтуы тиіс.
5. Өтінімдерді беру мерзімі аяқталған күні эмитенттермен және инвесторлармен жұмыс жөніндегі бөлімше өтінімдерді жинауды және ұсыныстарды талдауды жүзеге асырады.
6. Өтінім беру мерзімі аяқталған күннен кейін бір жұмыс күні ішінде эмитенттермен және инвесторлармен жұмыс жөніндегі бөлімше үздік ұсынысты көрсете отырып, ұсыныстар сұратуды жүргізу хаттамасын жасайды.
7. Бірнеше бірдей ұсыныстар келіп түскен жағдайда эмитенттермен және инвесторлармен жұмыс жөніндегі бөлімше осы баптың 3)-6) тармақшаларында көзделген тәртіппен бірдей ұсыныстар жіберген Биржа мүшелері арасында ұсыныстарға қайта сұрау салуды жүргізеді.
8. Келісім-шарт үздік ұсынысты жіберген Биржа мүшесімен, маркет-мейкер мәртебесін беруден бас тартуға негіз болмаған жағдайда, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген процедураларға сәйкес жасалады.

(Осы мақала Биржа Басқармасының 2022 жылдың 31 наурызындағы шешімімен енгізілген)

6 бап. Маркет-мейкердің міндеттерін орындамау немесе бұзу үшін жауапкершілік

1. Биржа мүшелерінің маркет-мейкер міндеттерін орындағанда жіберетін айыптарын дифференциациялау мақсатында маркет-мейкердің міндеттерін орындамау немесе бұзу жағдайларды бөледі.

Маркет-мейкердің өз міндеттерін орындамау жағдайы деп қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкердің сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық сессия барысында осы атаудағы қаржы құралын (осы Ережелердің 5 бабының 4 және Қағиданың 13 тармағында белгіленгеннен басқа) сатып алуға немесе сатуға баға белгілеулерін жарияламағаны және/немесе қолдамағаны жатқызылады.

Маркет-мейкердің өз міндеттерін бұзу жағдайы маркет-мейкердің қаржы құралдары бойынша қандай да бір атаудағы осы Ережелердің негізгі мәтінінде және Биржаның осы мүшесіне қолданылатын маркет-мейкердің маманданымында (осы Ережелердің 5 бабының 4 тармағында және Қағидалардың 13 тармағында белгіленген жағдайларды және осы тармақтың екінші абзацында келтірілген анықтамаға жататын жағдайды қоспағанда) және/немесе Келісім-шартта белгіленген талаптардың,

тыйымдардың, шектеулер мен ерекше шарттардың қайсыбірін сақтамайтын жағдай болып табылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылдың 01 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

2. Қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесіне ие Биржа мүшесі маркет-мейкердің міндеттерін (міндеттерін) орындамаған немесе бұзған жағдайда, егер Келісім-шартта өзгесі қарастырылмаса, күнтізбелік ай ішінде осы Биржа мүшесіне мынадай санкциялар қолданылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2023 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*:

міндеттерін бірінші рет бұзғаны үшін маркет-мейкер күнтізбелік бір ай ішінде маманданымда қарастырылған комиссиялық алымдар төлеу жөніндегі жеңілдікке құқығынан айырылады;

егер мұндай сыйақы маманданымда немесе Келісім-шартта қарастырылса, міндеттемені екінші рет бұзғаны үшін маркет-мейкер күнтізбелік бір ай ішінде сыйақы алу құқығынан айырылады, өзге жағдайда міндеттемені екінші рет бұзғаны үшін осы тармақтың төртінші абзацында белгіленген нормалар қолданылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2023 жылдың 18 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;

бір күнтізбелік ай ішінде маркет-мейкердің кез келген міндетін бұзған немесе орындамаған кейінгі жағдайлар үшін Биржа Басқармасы осы Ережелерінің 4 бабына сәйкес Биржаның осы мүшесін маркет-мейкер мәртебесінен мәжбүрлеп айыру туралы шешім қабылдауға құқылы *(осы абзац Биржа Басқармасының 2023 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 09 маусымындағы, 2021 жылдың 08 маусымындағы және 2022 жылдың 01 ақпанындағы шешімдерімен өзгертілген).

3. Биржа мүшесіне осы баптың 2 тармағында көрсетілген немесе Келісім-шартта қарастырылған санкцияларды қолдану туралы шешімді Биржа Басқармасы осы баптың 1 тармағының екінші және үшінші абзацтарында келтірілген ұйғарымға жататын жағдайдың туындауы мен дамуының барлық мән-жайларын қарау нәтижелері бойынша қабылдайды *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 09 маусымындағы, 2021 жылдың 08 маусымындағы, 2022 жылдың 01 ақпанындағы және 2023 жылдың 01 шілдесіндегі шешімдерімен өзгертілген)*.

Бұл ретте комиссиялық алымдарды төлеу бойынша жеңілдіктерді жоғалтуды және Биржаның сыйақы төлеуін қарастыратын ықпалшара Биржаның осы мүшесіне қолданылатын маркет-мейкер маманданымына немесе Келісім-шарттың талаптарына сәйкес сөзсіз қолданылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылдың 01 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес мән-жайларды қарау барысында Биржа Басқармасы Биржа мүшесі сауда-саттық жүйесіне берген барлық өтінімдерді, оның ішінде осы Биржа мүшесі міндетті баға белгілеулер немесе маркет-мейкердің өтінімдері ретінде белгілемеген барлық өтінімдерді зерделейді.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 09 маусымындағы және 2021 жылдың 08 маусымындағы шешімдерімен өзгертілген).

4. Басқарма маркет-мейкердің міндеттерді адал және толық орындауына және осы Ережелерде немесе Келісім-шартта белгіленген тыйымдарды, шектеулерді, ерекше талаптарды сақтауына кедергі келтіретін осы баптың 2 тармағында көрсетілген (оның ішінде осы баптың 3 тармағының екінші абзацында көзделген жағдайда) немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, маркет-мейкерге Келісім-шартта көзделген санкцияларды қолданбау туралы шешім қабылдауға құқылы, Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп аталған жағдайлар кезінде маркет-мейкердің осы

Ережелерде немесе Келісім-шартта белгіленген міндеттерін адал және толық орындау мүмкіндігіне тікелей әсер еткен, Биржа тарапынан ақылға қонымды бақылауға алынбайтын кез келген төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлар, оның ішінде, бірақ тек жоғарыда айтылғандармен шектелмей, соғыс, әскери немесе террористік іс-қимылдар, мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері, мемлекеттік төңкеріс, өрт, табиғи апаттар және маркет-мейкер болжай алмайтын және болжай алмайтын басқа да мән-жайлар түсініледі *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 01 ақпанындағы шешімімен енгізілген және Биржа Басқармасының 2023 жылдың 01 шілдесіндегі шешімдерімен өзгертілген)*.

7 бап.

Тұжырымды қағидалар

1. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның ішкі құжаттарына, сондай-ақ өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданатын Биржа органдарының шешімдеріне сәйкес шешіледі.
2. Осы Ережелерге өзгерістердің және/немесе толықтырулардың уақтылы енгізілуіне жауапкершілік (актуалдылау) сауда-саттық департаментіне жүктеледі.
3. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ осы Ережелер қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін, әрбір бес жылда кемінде бір рет актуалдылануға жатады.

Маркет-мейкерлер
қызметінің ережелеріне

1 қосымша

*(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 29 қазанындағы және
2021 жылдың 01 шілдесіндегі шешімдерімен өзгертілген)*

Маркет-мейкер мәртебесін беру туралы

Ө Т І Н І Ш

Осы өтінішпен [өтініш берушінің толық атауын көрсету] [күнін көрсету] бастап № ____ кестенің № ____ сызбасының шарттарына сәйкес [маркет-мейкердің тиісті маманданымының немесе, бар болса, мұндай маманданымға қосымшаның сызбасы мен кестесінің нөмірін көрсету] сәйкес [қолда бар сәйкестендіру деректемелерін және сауда-саттық валютасын көрсете отырып, қаржы құралдарының атауын көрсету¹] бойынша маркет-мейкер мәртебесін беруді сұраймыз *(осы абзац Биржа Басқармасының 2021 жылдың 04 қарашасындағы және 2023 жылдың 18 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

Өз міндеттерін орындау үшін маркет-мейкердің міндетті баға белгілеулері жарияланатын және қолдау көрсетілетін шот - [өз немесе клиенттік шотты көрсету]¹.

Біз "Маркет-мейкерлер туралы қағида" және "Маркет-мейкерлер қызметінің ережелері" атты Биржаның ішкі құжаттарымен танысқанымызды, оның ішінде жоғарыда аталған қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесін иеленуден туындайтын міндеттемелер мен міндеттер және осындай маркет-мейкер ретінде біздің жауапкершілігімізді растаймыз.

Өзімізге маркет-мейкерлер туралы көрсетілген Ережелерге сәйкес жоғарыда көрсетілген қаржы құралдары бойынша міндетті баға белгілеулерді және жоғарыда көрсетілген қаржы құралдары бойынша маркет-мейкер мәртебесін иеленуімізден туындайтын өзге де міндеттерді жариялау және қолдау міндеттемесін аламыз.

Лауазымы

[қолтаңба]

Инициалдары, тегі

[мөрдiң баспа-таңбасы (бар болса)]

¹ Маркет-мейкердің міндеттерін орындау үшін міндетті және қолдау баға белгіленімдері жарияланатын сауда-саттық шоты фьючерс бойынша маркет-мейкер мәртебесін беруге өтініш берген жағдайда көрсетіледі *(осы сілтеме Биржа Басқармасының 2021 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген, осы сілтеменің нөмірленуі Биржа Басқармасының 2021 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*.

Маркет-мейкерлер
қызметінің ережелеріне

1-1 қосымша

(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 01 ақпанындағы шешімімен енгізілген)

**Маркет-мейкер қызметін көрсету туралы Келісім-шарт негізінде
маркет-мейкер мәртебесін беру туралы**

Ө Т І Н І Ш

Осы өтінішімізбен [өтініш берушінің толық атауын көрсету] маркет-мейкердің қызметтерін көрсету туралы _____ ж. [күнін көрсету] № _____ Келісім-шартының (бұдан әрі – Келісім-шарт) талаптарына сәйкес [сәйкестендіру деректемелерін көрсете отырып, қаржы құралдарының атауын көрсету] бойынша маркет-мейкердің мәртебесін беруді сұраймыз.

Біз Биржаның "Маркет-мейкерлер туралы қағида" және "Маркет-мейкерлер қызметінің ережелері" атты ішкі құжаттарымен, оның ішінде маркет-мейкер мәртебесін иеленуден туындайтын міндеттемелер мен міндеттермен және осындай маркет-мейкер ретіндегі жауапкершілігімізбен танысқанымызды растаймыз.

Маркет-мейкерлер туралы көрсетілген қағидада және Маркет-мейкер қызметтерін көрсету туралы келісім-шартқа сәйкес жоғарыда көрсетілген қаржы құралдары бойынша біздің маркет-мейкер мәртебесін иеленуімізден туындайтын, міндетті баға белгілеулер мен өзге де міндеттерді жариялау және қолдау міндеттемесін өзімізге қабылдаймыз.

Лауазымы

[қолы]

Инициалдары, тегі

[Мөр бедері (бар болса)]

Бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің МАМАНДАНЫМЫ

1 бөлім. МІНДЕТТІ БАҒА БЕЛГІЛЕУЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 1.1. Бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулерді сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық күні бойы (осы Маманданымның 2 бөлімінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) қолдайды.

Басқарушы компания болып табылатын инвестициялық пай қорының пайлары бойынша маркет-мейкер осындай пайлар бойынша маркет-мейкердің функцияларын орындау басталған күннен бастап екі сауда-саттық күннен кейін міндетті баға белгілеулерді жариялай және қолдай бастайды.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 23 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)

- 1.2. Егер Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен қандай да бір жекелеген атаулардың бағалы қағаздарына қатысты өзгесі белгіленбесе, маркет-мейкер осы Маманданымға қосымшада белгіленген 1, 2, 3 немесе 4 сызбалардың шарттарына сәйкес міндетті баға белгілеулерді (оның таңдауы бойынша) жариялайды және қолдайды *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 30 маусымындағы, 2020 жылдың 29 қазанындағы және 2021 жылдың 29 сәуіріндегі шешімдерімен өзгертілген)*.

- 1.2-1. Осы маманданымға 1 қосымшаның 2 кестесі 1 сызбасының шартына сәйкес маркет-мейкер жариялайтын және қолдайтын, олармен жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысулар АҚШ долларымен жүзеге асырылатын, "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының ETF бағалы қағаздарының / жаһандық депозитарлық қолхаттардың саны келесі алгоритм бойынша күнтізбелік аптаның бірінші жұмыс күнінде апта сайын есептеледі *(осы абзац Биржа Басқармасының 2023 жылдың 18 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*:

- 1) Алматы уақытымен 09.30-ға дейін Биржаның Ақпарат және статистика бөлімшесі Bloomberg ақпараттық жүйесінің терминалында жарияланатын Лондон қор биржасында ағымдағы күнтізбелік аптаның бірінші жұмыс күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні қалыптасқан "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының ETF бағалы қағаздарының/жаһандық депозитарлық қолхаттардың жабылу бағасын белгілейді; Bloomberg терминалында мұндай ақпарат болмаған немесе ол жұмыс істемеген жағдайда мұндай ақпараттың резервтік көздері ретінде оларда жарияланатын жабу бағасының дұрыстығы мен өзектілігі бөлігінде сенімге ие интернет-сайттар пайдаланылады;
- 2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес алынған "инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының ETF бағалы қағаздары/жаһандық депозитарлық қолхаттары бойынша жабу бағасы "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының ETF бағалы қағаздарының/жаһандық депозитарлық қолхаттардың санын есептейтін Биржа сауда-саттық бөлімшесіне мынадай формула бойынша беріледі:

$$K = \frac{2.000 \times MCI}{P \times R}, \text{ мұнда}$$

- K – "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының ETF бағалы қағаздарының/жаһандық депозитарлық қолхаттардың үлкен жаққа дөңгелектелген саны;

- МСІ – зейнетақыларды, жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш, оның мәні тиісті жылдарға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді;
- P – осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес алынған жабу бағасы;
- R – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі есеп айырысуды жүзеге асыру күніне белгілеген ұлттық валютаның ресми бағамы;
- 3) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес алынған "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының ETF бағалы қағаздарының/жаһандық депозитарлық қолхаттардың саны Биржаның ақпараттық жүйесіне енгізіледі және "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының ETF осы бағалы қағаздарымен/жаһандық депозитарлық қолхаттармен сауда-саттық ашылғанға дейін 60 минут бұрын маркет-мейкерге электрондық пошта арқылы хабарлама жіберіледі.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 30 маусымындағы шешімімен енгізілген және Биржа Басқармасының 2020 жылдың 11 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген, Биржа Басқармасының 2021 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен өзгертілген, Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 тамызындағы шешімімен өзгертілген)

1.2-2. Осы маманданымға 1 қосымшаның 2 кестесінің 1 және 2 кестелерінің талаптарына сәйкес маркет-мейкер жариялайтын және қолдайтын "KASE Global" секторына енгізілген бағалы қағаздардың саны келесі алгоритм бойынша әр күнтізбелік айдың бірінші жұмыс күнінде ай сайынғы негізде есептеледі *(осы абзац Биржа Басқармасының 2023 жылдың 18 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*:

- 1) Алматы уақытымен 09.30-ға дейін Биржаның ақпарат және статистика бөлімшесі Bloomberg ақпараттық жүйесінің терминалында жарияланатын Нью-Йорк қор биржасында күнтізбелік айдың бірінші жұмыс күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні қалыптасқан бағалы қағаздардың жабылу бағасын белгілейді; Bloomberg терминалында мұндай ақпарат болмаған немесе оның жұмыс істемеу жағдайында мұндай ақпараттың резервтік көздері ретінде оларда жарияланатын жабылу бағаларының анықтығы мен өзектілігі бөлігінде сенімге ие интернет-сайттар пайдаланылады.;
- 2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес алынған бағалы қағаздар бойынша жабылу бағасы мынадай формула бойынша бағалы қағаздардың санын есептейтін сауда-саттық бөлімшесіне беріледі:

$$K = \frac{10\,000\text{ USD}}{P}, \text{ мұнда}$$

- K – үлкен жаққа дөңгелектелген бағалы қағаздар саны;
- P – осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес алынған жабылу бағасы;
- 3) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес алынған бағалы қағаздардың саны Биржаның ақпараттық жүйесіне енгізіледі және осы бағалы қағаздармен сауда-саттық ашылғанға дейін 60 минут бұрын электрондық пошта арқылы хабарламамен маркет-мейкерге жіберіледі.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен енгізілген)

1.2-3. Осы маманданымға 1 қосымшаның 2 кестесінің 1 сызбасының шартына сәйкес маркет-мейкер жариялайтын және қолдайтын инвестициялық пай қорының пайларының саны келесі алгоритм бойынша күнтізбелік аптаның бірінші жұмыс күнінде апта сайын есептеледі:

- 1) Алматы уақытының 09.30-на дейін маркет-мейкер электрондық пошта арқылы Биржаға ағымдағы уақыттағы жағдай бойынша айналыстағы пайлардың жалпы санын хабарлайды, бұл ретте мұндай ақпараттың дәлдігі мен дұрыстығына осы маркет-мейкер жауапты болады;

- 2) Биржаның сауда-саттық саттық бөлімшесі пайлардың санын келесі формула бойынша есептейді:

$$K = (n * 10 \%) / 10, \text{ мұнда}$$

- K – ұлғайту жағына қарай дөңгелектелген, пайлар саны;
n – осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес маркет-мейкер ұсынған деректер негізінде айналыстағы пайлардың жалпы саны;
- 3) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес есептелген пайлардың саны туралы ақпарат Биржаның ақпараттық жүйесіне енгізіледі және осы бағалы қағаздармен сауда-саттық ашылғанға дейін 60 минут бұрын маркет-мейкерге электрондық пошта арқылы хабарлама арқылы жіберіледі.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 18 қаңтарындағы шешімімен енгізілген)

- 1.3. Міндетті баға белгілеулерді хабарландырудың және қолдаудың бір сызбасынан басқа маркет-мейкерге ауысу үшін күнтізбелік ай басталғанға дейін бес жұмыс күн бұрын биржаға еркін түрде жазылған тиісті өтінішті ұсынуы тиіс.

Ағымдағы ай ішінде міндетті баға белгілеулерді хабарландырудың және қолдаудың бір сызбасынан басқасына көшуге тыйым салынады.

- 1.4. Маркет-мейкер 1 немесе 2 сызбаға сәйкес міндетті баға белгілеулерді жариялайтын және қолдайтын мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымдарының ең аз саны өтелгенге дейінгі мерзімді құрайтын мемлекеттік бағалы қағаздардың бес шығарылымын құрайды:

360 күннен кем;

361 күннен 1080 күнге дейін қоса;

1081 күннен 1800 күнге дейін қоса;

1801 күннен 2520 күнге дейін қоса;

2521 күннен 3600 күнге дейін қоса.

Маркет-мейкер 3 немесе 4-сызбаға сәйкес міндетті баға белгілеулерді жариялайтын және қолдайтын мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымдарының минималды саны мемлекеттік бағалы қағаздардың бір шығарылымын құрайды.

(Биржа Басқармасының 2020 жылдың 30 маусымындағы шешімен толықтырылған және Биржа Басқармасының 2020 жылдың 10 қыркүйегіндегі, 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы және 2021 жылдың 29 сәуіріндегі шешімдерімен өзгертілген)

- 1.5. Дискреттік аукцион әдісімен бағалы қағаздармен сауда-саттық жүргізу кезінде маркет-мейкер жариялаған міндетті баға белгілеулерді сауда-саттық жүйесі осындай аукцион өткізу барысында Биржа мүшесі өзінің маркет-мейкер міндеттерін орындау үшін берген ретінде есепке алмайды *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 09 маусымындағы шешімімен енгізілген)*.

- 1.6. Міндетті баға белгілеулернің параметрлері 1 немесе 2 сызбалардың талаптарына сәйкес келетін, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер міндетті баға белгілеулерді жариялауға және қолдауға ниет білдірген мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылымдарының санын оларды өтегенге дейін қалған күндер санына қарамастан көбейтуге құқылы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 10 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген және 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

- 1.7. Маркет-мейкер жүгінген күні Маркет-мейкерлер қызметінің ережелерінің 5 бабының 6 тармағына сәйкес қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәнін кеңейту (ұлғайту) үшін жеткілікті негіздер болған кезде осы бағалы қағаз бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәні маркет-мейкердің өтініші келіп түскен ағымдағы сауда-саттық күні аяқталғанға дейін, бұл мән осы бағалы қағаз кіретін бағалы қағаздар тобы үшін бағаның шекті ауытқу мөлшерінен аспаған жағдайда, қолданыстағы максималды спрэд мәнінен екі есе артқан мәнге дейін кеңейтіледі.

Егер спрэдтің максималды мәні осы бағалы қағаз кіретін бағалы қағаздар тобы үшін бағаның шекті ауытқуынан екі есеге ұлғайтылған жағдайда, маркет-мейкерге бағаның осы шекті ауытқуы мөлшерінде спрэд белгіленеді.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)

1.8. Маркет-мейкер қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдті кеңейту (ұлғайту) туралы өтініш жасағаннан кейінгі екінші сауда-саттық күнінде Биржа ағымдағы жағдайға талдау жүргізеді және Маркет-мейкерлер қызметінің ережелерінің 5 бабының 6 тармағына сәйкес қабылданған шешім шеңберінде спрэдтің максималды мәнін одан әрі кеңейту қажеттігі расталған жағдайда, келесілер бойынша міндетті баға белгілеулер үшін:

- 1) үлестік бағалы қағаздар / пай қорының пайлары / ETF бағалы қағаздары / жаһандық депозитарлық қолхаттар / "таза емес" бағамен саудаланатын облигациялар үшін спрэдтің максималды мәні бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдті кеңейту механизмін анықтайтын Биржаның ішкі құжатына сәйкес жүргізілген талдау нәтижесінде есептелген бағаның өзгеруіне сәйкес келетін мөлшерде белгіленеді;
- 2) "таза" бағамен саудаланатын облигациялар үшін бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдті кеңейту механизмін анықтайтын Биржаның ішкі құжатына сәйкес оны өтеуге кірістілікке қайта есептеу кезінде бағалы қағаздар тобы үшін бағаның шекті ауытқуының мәнінен аспайтын спрэдтің максималды мәні белгіленеді.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)

1.9. Осы Маманданымның 1.8 тармағына сәйкес Биржа жүргізетін талдау спрэдтің кеңеюінің (ұлғаюының) бірінші күнінде қалыптасқан бағалы қағаз бойынша жабылу бағасының алдыңғы сауда-саттық күнінің жабылу бағасынан (ол болмаған кезде – бұрын жасалған соңғы мәміленің бағасынан) ауытқуын есептеуді қамтиды.

Егер талдаудың осы тармағының бірінші абзацына сәйкес жүргізілген нәтижелер бойынша бағаның ауытқуы төменде көрсетілгеннен кем шаманы құраған жағдайда, Биржа осы Маманданымда белгіленген сызбалардың шарттарына сәйкес міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәнін белгілеу туралы шешім қабылдайды:

- 1) борыштық бағалы қағаздар бойынша кірістіліктің 5,0 пайыздық тармағы ("таза емес" бағамен саудаланатын борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда);
- 2) "таза емес" бағамен саудаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша 7,0 %;
- 3) үлестік бағалы қағаздар, пай қорының пайлары, ETF бағалы қағаздары және жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша 7,0 %.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 01 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)

2 бөлім. ТАЙМ-АУТТЫҢ ШАРТТАРЫ

2.1. Бағалы қағаздар бойынша тайм-аут сауда-саттық күннің кез келген уақытында пайдаланылуы мүмкін.

2.2. Бағалы қағаздар бойынша тайм-ауттың максималды жалпы ұзақтығы осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, бір сауда-саттық күні ішінде 90 минутты құрайды.

"KASE Global" секторына енгізілген бағалы қағаздар бойынша тайм-ауттың максималды жалпы ұзақтығы бір сауда күні ішінде 189 минутты құрайды.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)

2.3. Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша тайм-ауттың максималды жалпы ұзақтылығыбір сауда-саттық күн барысында 150 минутты құрайды.

3 бөлім. МАРКЕТ-МЕЙКЕРДІҢ ҚОСЫМША ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 3.1. Міндетті баға белгілеулерді жариялаудың және қолдаудың 1 немесе 2 сызбасын таңдаған мемлекеттік бағалы қағаздар жөніндегі маркет-мейкер осындай бағалы қағаз бойынша міндетті баға белгілеуді қолдауы мақсатында айналыстың бір мерзімінің ішінде бағалы қағаздың түрін өзгертуге құқылы, бұл ретте Биржаның осы мүшесіне өзгертін бағалы қағаз бойынша маркет-мейкер мәртебесі берілген күннен бастап оның маркет-мейкер ретіндегі қызмет мерзімі кемінде он сауда-саттық күнді құрауы тиіс *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 30 маусымындағы шешімімен толықтырылған)*.
- 3.2. Көлемі бойынша міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдау схемасына сәйкес міндетін атқарушы маркет-мейкер, егер Биржаның осы мүшесі сауда-саттық күні ішінде жасасқан осы атаудағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелерінің қол жеткізілген жиынтық көлемі (ол бұрын жариялаған міндетті баға белгілеулер негізінде) мыналардан кем емес болған жағдайда сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық күні ішінде қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулерді одан әрі жариялаудан және/немесе қолдаудан бас тартуға құқылы:
- 1) үлестік/борыштық бағалы қағаздар, инвестициялық пай қорының пайлары, ETF бағалы қағаздары және осы атаудағы жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша міндетті баға белгілеудің бес еселенген минималды көлемі;
 - 2) осы атаудағы мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеудің үш еселенген минималды көлемі.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 30 маусымындағы және 2023 жылдың 18 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).

- 3.3. Бағалы қағаздар саны бойынша міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдау схемасына сәйкес міндетін атқарушы маркет-мейкер, егер Биржаның осы мүшесі сауда-саттық күні ішінде жасаған осы атаудағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша қол жеткізілген бағалы қағаздардың жиынтық саны (ол бұрын жариялаған міндетті баға белгілеулер негізінде) осы атаудағы міндетті баға белгілеудің бағалы қағаздарының кемінде бес еселенген минималды санын құраса, сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық күні ішінде қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулерді одан әрі жариялаудан және/немесе қолдаудан бас тартуға құқылы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 30 маусымындағы, 2022 жылдың 01 ақпанындағы шешімдерімен өзгертілген, Биржа Басқармасының 2022 жылдың 31 наурызындағы шешімімен алынып тасталған және Биржа Басқармасының 2023 жылдың 18 қаңтарындағы шешімімен өңгізілген)*

4 бөлім. МАРКЕТ-МЕЙКЕРДІҢ ЛЬГОТАСЫ МЕН СЫЙАҚЫСЫ. АЙРЫҚША ШАРТТАР

- 4.1. Үлестік бағалы қағаздар бойынша, есеп айырысулар теңгемен жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша, борыштық бағалы қағаздар, инвестициялық пай қорының пайлары, "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының ETF бағалы қағаздары және қандай да бір атаудың жаһандық депозитарлық қолхаттары бойынша маркет-мейкер осы атаудағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша Биржаның комиссиялық алымдарын, егер осы атаудағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша Биржаның комиссиялық алымдары есептелетін күнтізбелік бір ай ішінде оның міндетті баға белгілеулерінің параметрлері 1-сызбаның шарттарына сәйкес келсе, мүшелік жарналар, биржалық және клирингтік алымдар туралы Биржаның ішкі құжатына сәйкес осындай мәмілелерге қолданылатын мөлшерлемеге қатысты 50 %-ға азайтылған мөлшерлемеге бойынша төлейді.

Үлестік бағалы қағаздар бойынша, есеп айырысулар теңгемен жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша, борыштық бағалы қағаздар, инвестициялық пай қорының пайлары, "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының ETF бағалы қағаздары және қандай да бір атаудың жаһандық депозитарлық қолхаттары бойынша маркет-мейкер, осы

атаудағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша Биржаның комиссиялық алымдары есептелетін күнтізбелік бір ай ішінде оның міндетті баға белгілеулерінің параметрлері 2 сызбаның талаптарына сәйкес келсе және оны өзінің жеке шотынан (өзінің жеке шотынан және өз есебінен) жарияласа және/немесе қолдаса, осы атаудағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша Биржаның комиссиялық алымдарын төлеуден босатылады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 30 маусымындағы және 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген, Биржа Басқармасының 2021 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен өзгертілген, Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 тамызындағы шешімімен өзгертілген)

4.2. Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер таңдалған сызбаға қарамастан, ол маркет-мейкердің міндеттемелерін орындайтын осы атаудағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша Биржаның комиссиялық алымдарын төлеуден босатылады.

Қандай да бір атаудағы мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер, ол маркет-мейкер функциясын жүзеге асырмайтын өзге мемлекеттік бағалы қағаздармен сатып алу-сату мәмілелері бойынша Биржаның комиссиялық алымдары, мүшелік жарналар, биржалық және клирингтік алымдар туралы Биржаның ішкі құжатына сәйкес, осындай мәмілелер бойынша қолданылатын мөлшерлемеге қатысты 50%-ға азайтылған мөлшерлеме бойынша төлейді *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 30 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*.

Осы тармақтың бірінші және екінші абзацтарының күші Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу жөніндегі мәмілелерге қолданылмайды.

4.3. Биржаның комиссиялық алымдары есептелетін, бір күнтізбелік ай ішінде міндетті баға белгілеу параметрлері 3 сызбаның шарттарына сәйкес келетін, үлестік бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер Биржаның комиссиялық алымдарын төлеуден босатылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Міндетті баға белгілеулерінің параметрлері бір күнтізбелік ай ішінде 3 сызбаның талаптарына сәйкес келетін, үлестік бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер мыналарды ескере отырып, жасалған мәміле бойынша контрагенттен алынған Биржаның комиссиялық алымы сомасының 25% мөлшерінде сыйақы алуға құқылы *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*:

- 1) сатып алу-сату мәмілелер бойынша осы маркет-мейкер контрагент болып табылмайды;
- 2) сатып алу-сату мәмілесі жасалған маркет-мейкердің өтінімі сауда-саттық жүйесіне осындай мәміле бойынша контрагенттің өтініміне қарағанда ертерек берілген және мұндай мәміленің мөлшері 3 000 еселенген АЕК мөлшеріне тең.

4.3-1. Міндетті баға белгілеу параметрлері Биржаның комиссиялық алымдары есептелетін күнтізбелік бір ай ішінде 3-схеманың талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша Маркет-мейкер, мыналарды ескере отырып, жасалған мәміле бойынша Контрагенттен алынған Биржаның комиссиялық алымы сомасының 50 % мөлшерінде сыйақы алуға құқылы *(данный абзац изменен решением Правления Биржи от 03 декабря 2020 года)*:

- 1) сатып алу-сату мәмілелер бойынша осы маркет-мейкер контрагент болып табылмайды;
- 2) сатып алу-сату мәмілесі жасалған маркет-мейкердің өтінімі сауда-саттық жүйесіне осындай мәміле бойынша контрагенттің өтініміне қарағанда ертерек берілген және мұндай мәміленің мөлшері номиналды құны бойынша 500 000 000 теңгеге тең.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 14 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)

4.3-2. "KASE Global" секторына енгізілген бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер, оның міндетті котировкаларының параметрлері күнтізбелік бір ай ішінде 1 және 2 сызбалардың шарттарына сәйкес келсе:

- 1) осы атаудағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері бойынша Биржаның комиссиялық алымдарын төлеуден босатылады;
- 2) мөлшері осы Маманданымның 2 қосымшасында белгіленген, тиянақталған және ауыспалы бөліктерден тұратын, сыйақы алуға құқылы.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен енгізілген)

4.3-3. Осы Маманданымның 4.3-2 тармағының күші маркет-мейкер жасаған бағалы қағаздарды сатып алу-сатудың пассивті³ мәмілелеріне ғана қолданылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.

4.4. 4.1-4.3-2 тармақтардың және осы Маманданымның 4.3-2-тармағы 1) тармақшасының қолданысы мыналарға тарамайды *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылдың 14 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген, Биржа Басқармасының 2021 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*:

- 1) жекешелендірілетін ұйымдардың мемлекеттік акциялармен жасалатын мәмілелер;
- 2) репо операцияларына қатысты мәмілелер;
- 3) тікелей мәмілелер жасасу әдісімен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері;
- 4) өтеуге дейін 360 күннен кем қалған мемлекеттік бағалы қағаздармен мәмілелер.

4.5. Маркет-мейкердің сыйақысын төлеу, осы ерекшеліктің 4.3 тармағының екінші абзацына, 4.3-1 тармағына, 4.3-2 тармағының 2) тармақшасына сәйкес өз міндеттерін орындау шартымен, Биржа мүшесінің деректемелері және төлеуге берген шоттары, орындалған жұмыстар актісі және шот-фактура туралы Биржа алған ақпарат негізінде, есептелген айдан кейінгі айдың он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 14 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген, Биржа Басқармасының 2021 жылдың 04 қарашасындағы және 2022 жылдың 18 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.

4.6. *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген, Биржа Басқармасының 2022 жылдың 31 наурызындағы шешімімен алынып тасталған)*.

Бағалы қағаздар бойынша
маркет-мейкердің
маманданымына 1 қосымша
ҚОСЫМША

(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 29 қазанындағы шешімімен енгізілген және Биржа Басқармасының 2020 жылдың 11 желтоқсанындағы, 2021 жылдың 29 сәуіріндегі, 2021 жылдың 04 қарашасындағы, 2022 жылдың 18 тамызындағы және 2023 жылдың 18 қаңтарындағы шешімдерімен өзгертілген)

**Бағалы қағаздар бойынша міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдау
СЫЗБАЛАРЫ**

1 кесте

Көлемі бойынша міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдау сызбалары								
Атауы	1 сызба		2 сызба		3 сызба		4 сызба	
Қаржы құралдары	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі, АЕК	Спрэдтің максималды мәні	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі, АЕК	Спрэдтің максималды мәні	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі	Спрэдтің максималды мәні	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі, АЕК	Спрэдтің максималды мәні
1	2	3	4	5	6	7	8	9
үлестік бағалы қағаздар / инвестициялық пай қорының пайлары / "инвестициялық	2.000-еселі көлемі	3,0 %	3.000-еселі көлемі	1,0 %	АЕК 3.000-еселі көлемі	ең үздік бағамен баға белгілеулерін қолдау ²	-	-

² Ең үздік бағалар деп сауда-саттыққа қатысушылардың басқа өтінімдеріне қатысты бағалар түсініледі, яғни маркет-мейкердің сатып алуға өтінімінің бағасы ең жоғары, ал сатуға – барлық қолданыстағы өтінімдердің ең төмені болуы тиіс.

Маркет-мейкерлер қызметінің ережелері

Көлемі бойынша міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдау сызбалары								
Атауы	1 сызба		2 сызба		3 сызба		4 сызба	
Қаржы құралдары	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі, АЕК	Спрэдтің максималды мәні	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі, АЕК	Спрэдтің максималды мәні	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі	Спрэдтің максималды мәні	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі, АЕК	Спрэдтің максималды мәні
1	2	3	4	5	6	7	8	9
қорлардың бағалы қағаздары" секторының ETF бағалы қағаздары / жаһандық депозитарлық қолхаттар (есеп айырысулары қазақстандық теңгемен)								
Паи паевого инвестиционного фонда (с расчетами в долларах США)	13 500 АҚШ доллары	3,0 %	-	-	-	-	-	-
Долговые ценные бумаги	1.000- еселі көлемі (мәмілелер бойынша есеп айырысулар қазақстандық теңгемен жүзеге асырылатын облигациялар үшін) немесе 5.000 АҚШ доллары (мәмілелер	міндетті баға белгілеулердің кірістілік мәндері арасындағы 2,0 пайыздық тармақ немесе "таза емес" бағамен сатылатын мерзімсіз борыштық	-	-	-	-	-	-

Маркет-мейкерлер қызметінің ережелері

Көлемі бойынша міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдау сызбалары								
Атауы	1 сызба		2 сызба		3 сызба		4 сызба	
Қаржы құралдары	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі, АЕК	Спрэдтің максималды мәні	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі, АЕК	Спрэдтің максималды мәні	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі	Спрэдтің максималды мәні	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі, АЕК	Спрэдтің максималды мәні
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	бойынша есеп айырысулар АҚШ долларымен жүзеге асырылатын облигациялар үшін)	және борыштық бағалар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін сатып алуға міндетті баға белгілеу бағасының 3,0 %						
Государственные ценные бумаги	50.000-еселі көлемі		100.000-еселі көлемі	міндетті баға белгілеулердің кірістілік мәндері арасындағы 1,0 пайыздық тармақ немесе "таза емес" бағамен сатылатын борыштық баға бойынша міндетті баға белгілеулер үшін сатып алуға міндетті баға белгілеу бағасының 2,0 %	номиналды құны бойынша 500.000 000 теңге	сатып алуға міндетті баға белгілеу бағасының 1 %	50.000-еселі көлемі	міндетті баға белгілеулердің кірістілік мәндері арасындағы 2,0 пайыздық тармақ немесе "таза емес" бағамен сатылатын мерзімсіз борыштық және борыштық бағалар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін сатып алуға міндетті

Маркет-мейкерлер қызметінің ережелері

Көлемі бойынша міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдау сызбалары								
Атауы	1 сызба		2 сызба		3 сызба		4 сызба	
Қаржы құралдары	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі, АЕК	Спрэдтің максималды мәні	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі, АЕК	Спрэдтің максималды мәні	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі	Спрэдтің максималды мәні	Сатып алуға (сатуға) міндетті баға белгілеулердің көлемі, АЕК	Спрэдтің максималды мәні
1	2	3	4	5	6	7	8	9
								баға белгілеу бағасының 3,0 %

2 кесте

Бағалы қағаздар саны бойынша міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдау схемалары				
Атауы	1 сызба		2 сызба	
Қаржы құралдары	Саны, дана	Спрэдтің максималды мәні	Саны, дана	Спрэдтің максималды мәні
1	2	3	4	5
"Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторының ETF бағалы қағаздары / жаһандық депозитарлық қолхаттар (есеп айырысуы АҚШ долларымен)	Бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер маманданымының 1.2-1 тармағына сәйкес есептелген саны	3,0 %	-	-

Маркет-мейкерлер қызметінің ережелері

Бағалы қағаздар саны бойынша міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдау схемалары				
Атауы	1 сызба		2 сызба	
Қаржы құралдары	Саны, дана	Спрэдтің максималды мөні	Саны, дана	Спрэдтің максималды мөні
1	2	3	4	5
"KASE Global" секторына енгізілген бағалы қағаздар	Бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер маманданымының 1.2-2 тармағына сәйкес есептелген саны	1,0 %	Бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер маманданымының 1.2-2 тармағына сәйкес есептелген саны	3 %
Инвестициялық пай қорының пайлары	Бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкер маманданымының 1.2-3 тармағына сәйкес есептелген саны	3,0 %	-	-

Бағалы қағаздар бойынша
маркет-мейкердің
маманданымына

2 қосымша

(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2021 жылдың 04 қарашасындағы шешімімен енгізілген)

**"KASE Global" секторына енгізілген бағалы қағаздар бойынша
маркет-мейкерлердің**

СЫЙАҚЫЛАР МӨЛШЕРІ

Маркет-мейкердің сыйақы мөлшері қандай да бір бағалы қағаз бойынша міндетті баға белгілеулерді жариялау және оларды қолдау сызбасына байланысты болып және мынадай өлшемдерді құрайды:

№ р/с	Сыйақының бір бөлігі	Міндетті баға белгілеуді жариялаудың және қолдаудың 1 сызбасы	Міндетті баға белгілеуді жариялаудың және қолдаудың 2 сызбасы
1	2	3	4
1.	Тиянақталған ⁴	Бір бағалы қағаз бойынша бір күнтізбелік айда 1\$00	Бір бағалы қағаз бойынша бір күнтізбелік айда 1\$00
2.	Ауыспалы	Әрбір сатып алу-сату мәмілесі бойынша Биржаның комиссиялық алымының 2-еселенген мөлшері	–

Егер қандай да бір атаудың бағалы қағазы бойынша екі және одан көп маркет-мейкер белгіленген жағдайда, онда мұндай маркет-мейкерлер сыйақысының тиянақталған және ауыспалы бөлігі мынадай мөлшерді құрайды:

№ р/с	Маркет-мейкер	Міндетті баға белгілеуді жариялаудың және қолдаудың 1 сызбасы		Міндетті баға белгілеуді жариялаудың және қолдаудың 2 сызбасы	
		Тиянақталған бөлігі	Ауыспалы бөлігі	Тиянақталған бөлігі	Ауыспалы бөлігі
1	2	3	4	5	6
1.	Сыйақы есептелетін кезеңде қандай да бір атаудағы бағалы қағазы бойынша жасалған мәмілелердің көлемі осы атаудағы бағалы қағаз бойынша барлық	Бір бағалы қағаз бойынша бір күнтізбелік айда \$100	Әрбір сатып алу-сату мәмілесі бойынша Биржаның комиссиялық алымының 2-еселенген мөлшері	Бір бағалы қағаз бойынша бір күнтізбелік айда \$100	–

⁴ Пересчитывается Биржей в тенге по официальному курсу Национального Банка Республики Казахстан, установленному на день расчета вознаграждения маркет-мейкера.

Маркет-мейкерлер қызметінің ережелері

№ р/с	Маркет-мейкер	Міндетті баға белгілеуді жариялаудың және қолдаудың 1 сызбасы		Міндетті баға белгілеуді жариялаудың және қолдаудың 2 сызбасы	
		Тиянақталған бөлігі	Ауыспалы бөлігі	Тиянақталған бөлігі	Ауыспалы бөлігі
	маркет-мейкерлердің арасында ең үлкен болып табылатын, маркет-мейкер				
2.	Қалған маркет-мейкерлер	Бір бағалы қағаз бойынша бір күнтізбелік айда \$50	–	Бір бағалы қағаз бойынша бір күнтізбелік айда \$50	–

Маркет-мейкерлер
қызметінің ережелеріне

3 қосымша

(Осы қосымша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 09 маусымындағы, 2021 жылдың 08 маусымындағы және 2021 жылдың 01 шілдесіндегі шешімдерімен өзгертілген)

Фьючерстер бойынша маркет-мейкердің

МАМАНДАНЫМЫ

1 бөлім. МІНДЕТТІ БАҒА БЕЛГІЛЕУЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 1.1. Маркет-мейкер қандай да бір атаудағы фьючерс бойынша міндетті баға белгілеулерді қолдайды, ол бойынша орындау мерзімі міндетті баға белгілеулерді қолдау жүзеге асырылатын сауда-саттық күніне жақын болып табылады.
- 1.2. Фьючерстер бойынша маркет-мейкердің ең үздік міндетті баға белгілеуінің минималды көлемі:
 - 1) 100 фьючерстік келісімшарт – АҚШ долларының теңгеге фьючерстері бойынша;
 - 2) 500 фьючерстік келісімшарт – қазақстандық эмитенттердің акцияларына фьючерстер бойынша;
 - 3) 2 000 фьючерстік келісімшарт – KASE Индексіне фьючерс бойынша;
 - 4) 100 фьючерстік келісім-шарт – теңгеге рубль бағамына фьючерстер бойынша *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 21 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.
- 1.3. Фьючерстер бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәні:
 - 1) 0,4 теңге – АҚШ долларының теңге бағамына фьючерс бойынша;
 - 2) 4 теңге – "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына фьючерс бойынша;
 - 3) 80 теңге – "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына фьючерс бойынша;
 - 4) 30 теңге – KASE Индексіне фьючерс бойынша;
 - 5) 0,10 теңге – теңгеге рубль бағамына фьючерс бойынша *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 21 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.
- 1.4. Фьючерстер нарығының жоғары құбылмалылығы кезеңінде Биржа Басқармасы маркет-мейкердің ең үздік міндетті белгілеулерінің минималды көлемінің және/немесе қандай да бір атаудағы фьючерстер бойынша маркет-мейкердің міндетті белгілеулері үшін спрэдтің максималды мәнінің мөлшерін өзгертуге құқылы.
- 1.5. Биржа Басқармасы фьючерстер нарығының жай-күйін осы нарықтың әртүрлі параметрлеріне, оның ішінде фьючерстер бағасының ауытқу шамасына байланысты қалыпты немесе құбылмалы деп дербес анықтайды.

Биржа Басқармасы фьючерстер нарығының жай-күйін құбылмалы деп тану туралы фьючерстер бойынша маркет-мейкерлерден алынған өтініштердің (еркін нысанда жасалатын) негізінде фьючерстер нарығының жай-күйін құбылмалы деп анықтауға да құқылы.

2 бөлім. ТАЙМ-АУТТЫҢ ШАРТТАРЫ

- 2.1. Фьючерстер бойынша тайм-аут сауда-саттық күнінің кез келген уақытында пайдаланылуы мүмкін.
- 2.2. Қандай да бір атаудағы фьючерстер бойынша тайм-ауттың максималды жалпы ұзақтығы бір сауда-саттық күні ішінде 180 минутты құрайды.

3 бөлім. АЙРЫҚША ШАРТТАР

- 3.1. Фьючерстер бойынша маркет-мейкерлерге Маркет-мейкерлер қызметінің ережелерінің 5 бабы 2 тармағының күші қолданылмайды.
- 3.2. Қандай да бір атаудың фьючерстері бойынша маркет-мейкер өз міндеттерін орындау үшін сауда-саттық шотынан оған осы атаудағы фьючерстер бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы өтініште көрсетілген міндетті баға белгілеулерді жариялайды және қолдайды.

Маркет-мейкердің өз міндетін орындамау жағдайы қандай да бір атаудағы фьючерстер бойынша маркет-мейкер оған осы атаудағы фьючерс бойынша маркет-мейкер мәртебесін беру туралы өтініште көрсетілген шоттан өзгеше сауда-саттық шотынан міндетті баға белгілеуді жариялайтын және қолдайтын жағдай болып табылады.

4 бөлім. МАРКЕТ-МЕЙКЕРДІҢ ЛЬГОТАСЫ

- 4.1. Қандай да бір атаудағы фьючерстер бойынша маркет-мейкер Биржаның комиссиялық алымдарын төлеуден босатылады.
- 4.2. Фьючерстер бойынша маркет-мейкерлерге қатысты осы Ережелердің 6 бабында белгіленген жауапкершілік қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген айрықша шартты Биржаның Директорлар кеңесі, фьючерстер нарығындағы өтімділіктің өзі анықтаған деңгейіне жеткен соң, алып тастауға тиіс.

Шетел валюталары бойынша маркет-мейкердің МАМАНДАНЫМЫ

1 бөлім. МАРКЕТ-МЕЙКЕРГЕ (МАРКЕТ-МЕЙКЕР БОЛУҒА ҮМІТКЕРГЕ) ЖӘНЕ МІНДЕТТІ БАҒА БЕЛГІЛЕУЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 1.1. Шетелдік валюта бойынша қандай да бір қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесіне иеленген Биржа мүшесінің меншікті капиталы АЕК-тің 1.000.000 еселенген мөлшерінен кем болмауға тиіс.
- 1.2. Егер Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен шетел валютасы бойынша қандай да бір қаржы құралына қатысты өзгесі белгіленбесе, шетел валютасы бойынша қаржы құралын сатып алуға (сатуға) арналған ең үздік міндетті баға белгілеудің ең төменгі көлемі:
 - 1) Америка Құрама Штаттарының доллары (бұдан әрі - доллар) бойынша және долларға қатысты валюталық своп операциялары/шетел валютасымен операциялар бойынша-500.000 долларды *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы шешімімен тлықтырылған)*;
 - 2) Ресей Федерациясының рублі (бұдан әрі – рубль) бойынша және рубльге қатысты шетел валютасымен операциялар бойынша:

міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдаудың 1 сызбасы бойынша – 5.000.000 рубльді;

міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдаудың 2 сызбасы бойынша – 20.000.000 рубльді;

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 29 қазанындағы және 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)
 - 3) Қытай Халық Республикасының юані (бұдан әрі – юань) бойынша және юаньға қатысты операциялар бойынша – 100.000 юаньды құрайды *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
- 1.3. Спрэдтің максималды мәні:
 - 1) доллар бойынша міндетті баға белгілеулер үшін – 0,3 теңге *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) міндетті баға белгілеулерді жариялау және қолдаудың таңдалған сызбасына қарамастан рубль бойынша міндетті баға белгілеулер үшін – 0,01 теңге *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 29 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) юань бойынша міндетті баға белгілеулер үшін – 0,07 теңге;
 - 4) валюталық своп операциялары/долларға, рубльге және юаньға қатысты шетел валютасымен операциялар үшін – міндетті баға белгілеулердің кірістілік мәндері арасында 1.5 пайыздық нүкте *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылған)*.

- 1.4. Нәтижесінде Биржа мүшелері шетелдік валюта бойынша қандай да бір қаржы құралы бойынша маркет-мейкерлердің міндеттерін тиісінше орындаудан елеулі қаржылық шығынға ұшырауы мүмкін жағдайлар туындағанда, Биржа Басқармасы уақытша, 10 (он) сауда-саттық күннен аспайтын мерзімге осы Маманданымның 1.3 тармағында белгіленген осы атаудың қаржы құралы бойынша міндетті баға белгілеулер үшін спрэдтің максималды мәнін екі еседен асырмай арттыруға құқылы.

2 бөлім. ТАЙМ-АУТТЫҢ ШАРТТАРЫ

- 2.1. Шетел валюталары бойынша тайм-аут сауда-саттық сессиясының барысында кез келген уақытта пайдаланылуы мүмкін.
- 2.2. Тайм-ауттың максималды жалпы ұзақтығы:
- 1) бес минут – осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында белгіленген жағдайларды қоспағанда, есеп айырысуды жүзеге асыру мерзімі сауда-саттық күні болатын шетел валютасы бойынша қандай да бір қаржы құралы бойынша;
 - 2) 10 минут – юаньға қатысты есеп айырысуды және шетел валютасымен операцияларды жүзеге асыру мерзімі сауда-саттық күні болатын юань бойынша қаржы құралы бойынша;
 - 3) 60 минут – есеп айырысу мерзімі қаржы құралы бойынша сауда саттық күні болатын рубль бойынша, есеп айырысуды жүзеге асыру мерзімі сауда-саттық күнінен кейінгі келесі жұмыс күнінде және екінші жұмыс күнінде болатын шетел валютасы бойынша қандай да бір қаржы құралы бойынша және валюталық своп операциялары / доллар, еуро және рубльге қатысты шетел валютасымен операциялар бойынша.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы, 2021 жылдың 29 сәуіріндегі және 2023 жылдың 01 шілдесіндегі шешімдерімен өзгертілген).

3 бөлім. МАРКЕТ-МЕЙКЕРДІҢ ҚОСЫМША ҚҰҚЫҚТАР

- 3.1. Биржа мүшесі сауда-саттық күн барысында қандай да бір шетел валютасы бойынша қаржы құралы (ол бұрын жариялаған міндетті баға белгілеулерінің неізінде) сатып алу-сату мәмілелерінің қол жеткізген жиынтық көлемі осы қаржы құралы бойынша ең үздік міндетті баға белгілеуінің минималды көлемінен кемінде бес еселі көлемінен кем құрамаса, осы атаудағы шетел валютасы бойынша қаржы құралы бойынша маркет-мейкер сауда-аттық жүйесінде осы атаудағы қаржы құралы бойынша міндетті баға белгілеулерін әрі қарай жариялаудан және/немесе қолдаудан бас тартуға құқылы.

4. МАРКЕТ-МЕЙКЕРДІҢ ЛЬГОТАЛАРЫ. АЙРЫҚША ШАРТТАР

- 4.1. Шетел валюталары бойынша маркет-мейкерлер үшін мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы Биржаның ішкі құжатымен ай сайынғы мүшелік жарналарды төлеу бойынша жеңілдіктер белгіленуі мүмкін *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 30 маусымындағы шешімімен өзгертілген).*
- 4.2. Шетел валюталары бойынша қаржы құралдары бойынша маркет-мейкерлерге Маркет-мейкерлер қызметінің ережелерінің 5 бабы 2-тармағының күші қолданылмайды.
- 4.3. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 03 желтоқсанындағы шешімімен алып тасталған).*
- 4.4. Егер Биржа қандай да бір сауда-саттық күнінде есептесуі сауда-саттық күнінде жүзеге асырылатын рубль және/немесе юань бойынша қаржы құралы бойынша сауда-саттық

өткізбесе, маркет-мейкер осы сауда-саттық күні рубль және/немесе юань бойынша қаржы құралы бойынша міндетті баға белгілеулерді қолдамауға құқылы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылдың 29 қазанындағы шешімімен толықтырылған)*.